



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрайымы – ректор
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ»
КЕАҚ
Рахметуллина С.Ж.
27.10.2025 г.

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ
ЗИЯТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ
АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

П НАО «ВКТУ» 035-П-2025

Өскемен қ.
2025 жыл

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 2 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже	

Осы «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ Ғылыми-зерттеу қызметі департаменті тарапынан ISO 9001:2015, ISO 37001:2016 халықаралық стандарттарына, сондай-ақ Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында қаралды, №8 хаттама, 17.10.2025 ж.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже	22 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Мақсаты мен қолданылу саласы	4
2. Нормативтік құжаттар	5
3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	5
4. Процестің сипаттамасы	8
5. Зияткерлік қызметтің қорғалуға жататын нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу шарттары	15
6. Авторлардың және ЗҚН рәсімдеу процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	16
Қосымша 1 – Қазақстан Республикасы патентін беру туралы өтініш	18
Қосымша 2 – Өтінімді беру үшін авторлар туралы мәліметтер	20
Қосымша 3 – Өзгерістерді тіркеу парағы	21

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 4 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

1. Мақсаты мен қолданылу саласы

1. Ереже «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ пен оның еншілес ұйымдарында зияткерлік меншікті басқару мақсатында келесі міндеттерді көздей отырып әзірленген:

1) ғылыми зерттеулер мен ізденістерді ілгерілету, қорғау, қолдау және дамыту;

2) Университет жүргізген зерттеулер барысында әзірленген технологияларды ақылы негізде қоғамның пайдалануына ұсынуға мүмкіндік беретін ұйымдық құрылым мен рәсімдерді қамтамасыз ету;

3) Университет, Зияткерлік меншік иелері (бұдан әрі – ЗМ, мысалы, өнертапқыштар, әзірлеушілер, авторлар) және олардың демеушілері арасындағы Университет базасында жасалған және әзірленген технологияларға қатысты құқықтар мен міндеттемелерді айқындайтын стандарттарды белгілеу;

4) Университет пен оның қызметкерлеріне өзара тиімді сыйақы алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған ынталандыру, қолдау және орынды ұмтылыс жасау, бұл ретте ЗМ-ді Университеттің осы Ереже және оның жалпы миссиясы аясында қарастырылған ақылы негізде қоғамға беру;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау, сондай-ақ Университетке ғылыми зерттеулердің барлық кезеңдерінде демеушілік қаржыландыруды қамтамасыз ету мүмкіндігін беру;

6) ғылым мен білімнің жоғары стандарттарын енгізу арқылы Университеттің беделін оқу және ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде арттыру, сондай-ақ ғылым мен білім нәтижелерін Университет қауымдастығына және қоғамға пайдалы ету.

2. Қолданылу саласы

Осы Ереже Университеттің автономды білім беру ұйымының ғылыми-педагогикалық қызметкерлеріне және дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Университетке меншік құқығында немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйымдарға, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына, барлық білім алушылар мен шақырылған зерттеушілерге қолданылады.

Ереже шығармашылық зияткерлік қызмет нәтижесінде туындайтын зияткерлік меншікке (ЗМ) қатысты қолданылады, оған мыналар жатады: авторлық және сабақтас құқықтар, академиялық, зерттеу және ғылыми қызмет нәтижесінде пайда болған патенттер (оның ішінде өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдер мен селекциялық жетістіктерге құқықтар), интегралды микросхемалардың топологияларына құқықтар, ашылмаған ақпаратқа (ноу-хау және өндірістік құпиялар қоса алғанда) құқықтар, сондай-ақ тауар белгілеріне, фирмалық атауларға және тауар мен қызметтердің шыққан жерінің атауларына құқықтар.

Аталған құқықтар Университеттің жобаларды және/немесе Инновациялық кластерді іске асыру (коммерцияландыру) нәтижесінде құрылған объектілерге

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 5 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

қолданылады (алайда Университеттің негізгі қызметін ілгерілету үшін пайдаланылатын атауы, фирмалық стилі немесе эмблемасы бар тауар белгілеріне қолданылмайды).

2. Нормативтік құжаттар

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілері негізінде әзірленген:

1) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-І Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), V-бөлім «Зияткерлік меншік құқығы»;

2) 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының патенттік заңы»;

3) 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы;

4) 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2011 жылғы 18 қаңтардағы №393-IV редакциясындағы 199-бап «Тауар таңбасын заңсыз пайдалану»;

5) 2015 жылғы 7 сәуірдегі №300-V Қазақстан Республикасының «Зияткерлік меншік саласындағы құқықтық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы;

6) 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» заңы;

7) 2012 жылғы 24 ақпандағы №89 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына қосымша 1 – «Өнертабысқа өтінімді құрастыру, ресімдеу және қарау, өнертабыстардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу және қорғау құжатын беру қағидалары»;

8) 2012 жылғы 24 ақпандағы №89 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына қосымша 1 – «Пайдалы модельге өтінімді құрастыру, ресімдеу және қарау, пайдалы модельдердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу және қорғау құжатын беру қағидалары»;

9) ISO 9001:2015 – Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

10) ISO 37001:2016 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық;

11) Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен ұсынымдары (ESG) – 2015.

3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар

4. Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **ЗМ нысанының авторы** – Университеттің студенті, магистранты, докторанты, резиденті, Университеттің немесе оның ұйымының қызметкері не оқу

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 6 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

кезеңінде және/немесе өз қызметтік міндеттерін немесе Университет пен/немесе оның ұйымының нақты тапсырмасын/жобасын орындау барысында, не осы Ережеде көзделген жағдайларда ЗМ нысанын жасаған өзге тұлға;

2) **грант беруші** – Университетке ғылыми зерттеулер жүргізу және (немесе) ғылыми жобаны іске асыру үшін өтеусіз негізде қаржы бөлетін немесе қолдау көрсететін сыртқы ұйым, оның ішінде олардың пайдаланылуы мен нәтижелері туралы есепті талап ететін ұйым;

3) **грант алушы** – грант алған заңды немесе жеке тұлға;

4) **грант** – грант берушілер тарапынан ғылыми немесе өзге зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін грант алушыларға өтеусіз берілетін ақша қаражаты және/немесе өзге мүлік;

5) **ЗМ нысанына тіркелген құжат** – Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе шетел мемлекеттерінің заңнамасына, және/немесе мемлекетаралық келісімдерге сәйкес берілген патент немесе авторлық құқық нысанына құқықтарды растайтын құжат;

6) **құқық иеленуші** – ЗМ нысанына тіркелген құжаттың иесі;

7) **бастамашыл ЗМ нысаны** – еңбек міндеттерін және/немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындаудан тыс, өз бастамасымен жасалған зияткерлік қызмет нәтижесі және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдары;

8) **зияткерлік меншік (ЗМ)** – барлық авторлық және сабақтас құқықтар, патенттер, өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге, селекциялық жетістіктерге, интегралды микросхемалар топологияларына, ашылмаған ақпаратқа (ноу-хау және өндірістік құпиялар қоса алғанда) құқықтар, сондай-ақ тіркелуіне қарамастан, әлемнің кез келген бөлігінде бар немесе болашақта пайда болатын өзге ұқсас құқықтар және оларға берілген өтінімдер мен олардың қолданылу мерзімін ұзарту құқықтары;

9) **айрықша құқықтар** – патент иеленуші немесе құқық иеленушінің ЗМ нысанын белгіленген мерзім ішінде өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалану жөніндегі мүліктік құқықтары;

10) **лицензиялық шарт** – құқық иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) тиісті ЗМ нысанын белгілі бір тәсілмен уақытша пайдалануға құқық беретін шарт;

11) **халықаралық өтінім** – 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартқа (Patent Cooperation Treaty, PCT) сәйкес берілген өтінім;

12) **ұлттық өтінім** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген патент алу немесе авторлық құқық нысанын тіркеуге арналған өтінім;

13) **басымдық өтінімі** – 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясына сәйкес, халықаралық және/немесе шетелдік өтінімдерді негіздеу үшін бастапқы берілген өтінім;

14) **айрықша емес құқық** – үшінші тұлғалардың ЗМ нысандарын құқық

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 7 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

иеленушінің рұқсатымен және/немесе басқа тұлғалармен қатар пайдалану құқығы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда;

15) **ЗМ нысаны** – өнертабыстар, жаңалықтар және өзге де жұмыстар, олар ЗМ нысанының негізі бола алады;

16) **университет ұйымдары** – Университет құрған және негізін қалаған коммерциялық емес ұйымдар, дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Университетке меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары;

17) **аймақтық өтінім** – аймақтық патент алу үшін берілген өтінім, ол келесі аймақтық патенттік ведомстволардың біріне беріледі: Еуразиялық патенттік ведомство, Еуропалық патенттік ведомство, Африка зияткерлік меншік ұйымы немесе Африка өнеркәсіптік меншік қорғау аймақтық ұйымы;

18) **аймақтық патент** – аймақтық конвенция негізінде берілген және қатысушы мемлекеттердің барлығында күшінде болатын патент;

19) **сыртқы ұйым** – Университетке немесе оның ұйымдарына жатпайтын ұйым;

20) **сараптамалық ұйым** – ЗМ нысанын тіркеуге өтінім қабылдауға және ЗМ нысанын тіркеу жөнінде (оң немесе теріс қорытынды) шешім қабылдауға уәкілетті ұйым;

21) **коммерцияландырудың мақсатқа сәйкестігі** – ЗМ нысандарын нарыққа жаңа немесе жетілдірілген тауарлар, процестер және қызметтер түрінде шығару арқылы табыс алуға бағытталған практикалық қолдануға қатысты өлшемдер;

22) **ҒЖБМ РК** – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

23) **ҒЗЖ** – Ғылыми-зерттеу жұмысы;

24) **ҒЗТКЖ** – Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

25) **ЗҚН** – зияткерлік қызмет нәтижелері;

26) **ҒТК** – Ғылыми-техникалық кеңес;

27) **ЭЕМ** – электронды-есептеуіш машина;

28) **«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ** – «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

29) **ISO** – халықаралық стандарт;

30) **ИСМ** – интеграцияланған менеджмент жүйесі;

31) **СМЖ** – сапа менеджменті жүйесі.

4. Процестің сипаттамасы

4.1. Жалпы ережелер

5. Университет ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗЖ немесе ТКЖ) түрлі негіздерде

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 8 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

орындайды: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырыстары, басқа министрліктер мен ведомстволардың тапсырыстары, келісімшарттық зерттеулер, гранттар және т.б.

Жұмыстарды орындау үшін Университет басқа заңды және жеке тұлғалармен орындаушы, тапсырыс беруші, жұмыс беруші, жасалып жатқан зияткерлік меншік объектілеріне белгілі бір құқықтардың субъектісі ретінде қатынастарға түсуі мүмкін.

ҒЗЖ және (немесе) ТКЖ нәтижесінде заңнамамен қорғалатын барлық ғылыми-техникалық нәтижелер жасалады – өнеркәсіптік меншік объектілері (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер), авторлық құқық объектілері (монографиялар, мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар, ЭЕМ бағдарламалары мен деректер базалары және т.б.), сондай-ақ коммерциялық құпияны қорғау шеңберінде қорғалатын өндіріс құпиялары (ноу-хау).

6. ҚР ҒЖБМ тапсырыстары, басқа министрліктер мен ведомстволардың тапсырыстары, шаруашылық келісімшарттар, контракттар, гранттар және т.б. негізінде жасалатын барлық жұмыстардың нәтижелері «қызметтік туындылар» және «қызметтік өнертабыстар» режиміне жатады.

7. Қызметтік өнертабысқа (қызметтік туындыға) автордың жеке мүліктік емес құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Университет қызметкеріне тиесілі.

8. Қызметтік өнертабысқа (қызметтік туындыға) айрықша құқық, сондай-ақ оған қорғау құжатын алу немесе оны тіркеу құқығы, егер қызметкер мен Университет арасындағы еңбек немесе өзге де шартта өзгеше көзделмесе, Университетке тиесілі (ҚР Азаматтық кодексі 964-бап, ҚР Патент туралы заңының 4-тарауы, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 10, 14, 16-баптары).

Университет ҒЗЖ мен ТКЖ нәтижелеріне иелік ету, пайдалану және билік ету құқығына ие.

Университет пен қызметкер арасындағы өзара қатынастар қызметтік өнертабыс (туынды) туралы шарт арқылы реттеледі.

4.2.Өнеркәсіптік меншік объектілеріне жататын зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғау тәртібі

9. Университет қызметкері өз тарапынан немесе сараптама барысында анықталған қызметтік өнертабысты жасаған жағдайда, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды ресімдеу мақсатында Университеттің Технологияларды коммерцияландыру офисіне (ТКО) жүгінуі тиіс.

10. Университет қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды, оған мыналар кіреді:

- өнертабысқа қысқаша сипаттама;
- қорғау құжатын (патент, куәлік) алу мақсаттылығының қысқаша негіздемесі;

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 9 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

– Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесінің (ҒТК) отырысында өтінімді қарау туралы өтініш (ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректордың атына).

Зияткерлік меншік объектілеріне өтінім беру тәртібі:

1. Зияткерлік меншік объектілерін қорғауға өтінімдер (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, тауар белгілері және өзге де қорғалуға қабілетті нәтижелер) тек Университет атынан және Университет басшылығымен келісілген түрде беріледі.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, авторлық құқық объектілеріне құқықтарды тіркеу тек жеке тұлғалармен жүзеге асырылады.

3. Университет қызметкерлері, егер олар авторлық құқық объектілеріне өтінім беріп, қорғау құжаттарын (куәліктерді) алған болса, төмендегілерді орындауға міндетті:

– Авторлық құқық объектілеріне өтінім беру және қорғау құжатын (куәлікті) алу фактісі туралы Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі департаментін хабардар ету;

– Есеп пен мониторинг жүргізу мақсатында Университеттің зияткерлік меншік жөніндегі үйлестірушісіне электронды форматтағы құжаттарды жолдау.

Өнертабысқа патент беру жөніндегі өтінім келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

1) Өнертабысқа патент беру туралы өтініш, онда өнертабыс авторларының және патент сұратылып отырған тұлғалардың аты-жөні, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері көрсетіледі;

2) Өнертабыс сипаттамасы, ол өнертабыс атауынан басталады (өтінім орыс тілінде берілген жағдайда атауы қазақ тілінде де көрсетіледі) және келесі бөлімдерді қамтиды:

- өнертабысқа қатысты техника саласы;
- техника деңгейі;
- өнертабыс мәні;
- сызбалар мен өзге материалдардың тізімі (егер қоса берілсе);
- өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер.

Сипаттаманың бөлімін қажетті ақпарат бар дереккөзге (әдеби дерек, бұрын берілген өтінім немесе қорғау құжатының сипаттамасы) сілтеме жасау арқылы алмастыруға жол берілмейді.

Өнертабыс сипаттамасы маманға өнертабысты жүзеге асыруға жеткілікті толықтықта ашылуы тиіс.

3) Өнертабыс формуласы, ол патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемін айқындауға арналған:

– өнертабыс формуласы өнертабыс объектісін анықтап, оның мәнін көрсетуі керек;

– формула айқын, нақты болуы, сипаттамаға негізделуі және сипаттамада

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 10 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

қамтылған ұғымдармен сипатталуы тиіс;

- формула бір буынды немесе көп буынды түрде ұсынылады және тиісінше бір немесе бірнеше тармақтан тұрады;
- бір өнертабысты сипаттайтын көп буынды формула бір тәуелсіз тармақтан және одан кейін келетін тәуелді тармақтардан тұрады;
- өнертабыстар тобын сипаттайтын көп буынды формула бірнеше тәуелсіз тармақты қамтиды, олардың әрқайсысы топтағы жеке өнертабысты сипаттайды;
- формуланың әрбір тармағы бір сөйлем түрінде жазылады.

4) Сызбалар және өзге материалдар, егер олар өнертабыстың мәнін түсіну үшін қажет болса, қоса беріледі.

Сызбалар, схемалар және суреттер жеке парақтарда ұсынылады, олардың оң жақ жоғарғы бұрышында өнертабыс атауы көрсетіледі.

Ұсынылған сызбалар мен өзге материалдар сипаттама мәтінімен үйлесімді болуы тиіс. Сызбалардағы барлық белгілерге сипаттама мәтінінде сілтеме жасалуы қажет.

Сызбада бейнеленген элементтер өнертабыс сипаттамасына сәйкес араб цифрларымен белгіленеді. Бірнеше фигураларда көрсетілген бірдей элементтер бірдей цифрамен белгіленеді. Әртүрлі фигураларда бейнеленген әртүрлі элементтерді бірдей цифрамен белгілеуге болмайды. Сипаттамада аталмаған белгілер сызбада көрсетілмейді. Сызбаларда ешқандай жазулар болмауы тиіс, тек қажетті сөздер ғана жазылады, мысалы: «су», «бу», «ашық», «жабық», «А-А» (қиманы көрсету үшін). Өлшемдер сызбада көрсетілмейді және сипаттамада беріледі.

Сызбалар қара түсті, өшірілмейтін, айқын, біркелкі қалыңдықтағы сызықтармен орындалады, көлеңкелеусіз және бояусыз. Масштаб пен кескіннің анықтығы фотокөшіру кезінде барлық бөлшектердің айқын көрінуін қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір графикалық кескін оның түріне қарамастан араб цифрларымен нөмірленеді және мәтіндегі ретіне сәйкес фигура (фигура 1, фигура 2, т.б.) деп белгіленеді. Егер сипаттама бір ғана фигурамен түсіндірілсе, онда ол нөмірленбейді.

5) Реферат өнертабыс туралы қысқаша ақпаратты білдіреді, яғни өнертабыс сипаттамасының қысқартылған мазмұнын қамтиды және келесілерді қамтуы тиіс:

- өнертабысқа қатысты техника саласын және/немесе қолданылу аясын (егер бұл атаудан анық болмаса);
- өнертабыс мәнін және қол жеткізілетін техникалық нәтижені көрсету;
- формула мазмұнын еркін баяндау түрінде жазылуы тиіс, сонымен бірге әрбір тәуелсіз тармақтың барлық маңызды белгілері сақталуы қажет.

б) Осы Ереженің 3-қосымшасын міндетті түрде толтыру қажет.

Пайдалы модельге патент беру туралы өтінім келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

1) Пайдалы модельге патент беру туралы өтінім өнертабыс авторларын және патент кімнің атына берілетінін, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жерін көрсетуі тиіс.

2) Сипаттама пайдалы модель атауынан басталады және, егер пайдалы модель Страсбург келісімінің 1971 жылғы 24 наурыздағы Халықаралық патенттік классификациясының (МПК) қолданыстағы редакциясы рубрикасына жатса, сол рубриканың индексін қамтиды. Сипаттама келесі бөлімдерден тұрады:

- пайдалы модельге қатысты техника саласы;
- техника деңгейі;
- пайдалы модельдің мәні;
- сызбалар мен/немесе басқа материалдар тізімі (егер қоса берілсе);
- пайдалы модельді жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер;
- сипаттама бөлімін басқа дереккөзге сілтеме жасау арқылы алмастыруға жол берілмейді (әдеби дерек, бұрын берілген өтінім сипаттамасы, қорғаныс құжатының сипаттамасы және т.б.).

3) Пайдалы модельдің формуласы патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемін анықтау үшін арналған және келесідей талаптарға сай болуы тиіс:

- формула толықтай сипаттамаға негізделуі тиіс және пайдалы модельді сипаттамадағы ұғымдар арқылы көрсетуі қажет;
- формула пайдалы модельдің мәнін бейнелейді деп танылады, егер ол өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін жеткілікті маңызды белгілер жиынтығын қамтыса;
- формула бірбуынды немесе көпбуынды болып ұсынылады және тиісінше бір немесе бірнеше тармақтан тұрады;
- бір пайдалы модельді сипаттайтын көпбуынды формула бір тәуелсіз және одан кейін бір немесе бірнеше тәуелді тармақтан тұрады;
- пайдалы модельдер тобын сипаттайтын көпбуынды формула бірнеше тәуелсіз тармақтардан тұрады, олардың әрқайсысы топтағы бір пайдалы модельді сипаттайды. Әрбір пайдалы модельге тиісті тәуелді тармақтар қатысты болуы тиіс;
- әрбір формула тармағы бір сөйлем түрінде жазылады.

4) Реферат — пайдалы модель туралы қысқаша ақпарат, яғни сипаттаманың қысқартылған мазмұны. Ол мыналарды қамтуы тиіс:

- пайдалы модельге қатысты техника саласы және/немесе қолданылу аясы (егер бұл атаудан анық болмаса);
- пайдалы модельдің мәні және қол жеткізілетін техникалық нәтиже;
- формула мазмұнын еркін баяндау арқылы жазылады, сонымен бірге әрбір тәуелсіз тармақтың барлық маңызды белгілері сақталуы тиіс.
- Ұсынылатын реферат көлемі — 1000 баспа таңбасына дейін.

5) Сызбалар мен өзге материалдар пайдалы модельдің мәнін түсіну үшін қажет болған жағдайда беріледі. Сызбалар, схемалар және суреттер жеке парақтарда ұсынылады, олардың оң жақ жоғарғы бұрышында пайдалы модельдің атауы көрсетіледі.

Берілетін сызбалар мен басқа материалдар сипаттама мәтінімен келісімді болуы тиіс. Сызбалардағы барлық белгілер сипаттамада аталуы қажет.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 12 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

Сызба элементтері пайдалы модель сипаттамасына сәйкес араб цифрларымен белгіленеді. Бірнеше фигурада бейнеленген бірдей элементтер бірдей цифрмен белгіленеді. Әртүрлі фигураларда бейнеленген әртүрлі элементтерді бірдей цифрмен белгілеуге болмайды. Сипаттамада аталмаған белгілер сызбада көрсетілмейді. Сызбаларда жазулар болмайды, тек қажетті сөздер жазылады: «су», «бу», «ашық», «жабық», «А-А» (қиманы көрсету үшін). Өлшемдер сызбада көрсетілмейді және сипаттамада беріледі. Сызбалар қара түсті, өшірілмейтін, айқын, біркелкі қалыңдықтағы сызықтармен орындалады, көлеңкелеусіз және бояусыз. Масштаб пен кескіннің анықтығы фотокөшіру кезінде барлық бөлшектерді айқын көруге мүмкіндік беруі тиіс. Әрбір графикалық бейне оның түріне қарамастан араб цифрларымен нөмірленеді (мысалы, фигура 1, фигура 2) және мәтіндегі ретіне сәйкес белгіленеді. Егер сипаттама бір ғана фигурамен түсіндірілсе, ол нөмірленбейді.

б) Өтінімде патент алу үшін авторлар туралы мәліметтер көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), азаматтығы, тұрғылықты жері мекенжайы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер (2-қосымша).

7) Осы Ережеге №2 Қосымшаны міндетті түрде толтыру.

11. Охраналық құжаттарды алудың мақсатқа сайлығын негіздеу университеттің өз қажеттіліктері үшін немесе осы өнертабысты басқа шаруашылық субъектілеріне айрықша құқықтарды тапсыру арқылы (Келісім-шарт, Лицензиялық шарт және т.б.) коммерцияландыру мүмкіндігі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

12. Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі (ҒТК) қызметтік өнертабысты құқықтық қорғауға алу мақсатқа сай ма және қандай тәртіпте жүзеге асырылатыны жөнінде шешім қабылдайды. Егер ҒТК теріс шешім қабылдаса, кеңес мүшелері өнертабысты патенттеуден бас тартудың себебін көрсете отырып, қорытынды жасайды. Егер өнертабыс гранттық жоба аясында жасалып, охраналық құжатқа өтінім беру күнтізбелік жоспарға енгізілген болса, өтінім беру мәселесі грант шарты мен күнтізбелік жоспарға сәйкес қаралады, ҒТК шешіміне тәуелсіз.

13. ҒТК оң шешім қабылдаған жағдайда, автор Коммерцияландыру офисімен (КТО) бірлесіп өнертабыс немесе пайдалы модельге өтінімді «Өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінімді құрастыру, ресімдеу және қарау қағидаларына» сәйкес дайындайды.

14. Университет қызметкері өтінім материалдарын дайындайды: өнертабыстың мәнін сипаттау; осы саладағы техникалық деңгейге қатысты өзіне белгілі, соның ішінде өзінің жарияланымдары туралы мәліметтер; өнертабыстың сызбалары мен схемалары.

15. Өтінім материалдары, соның ішінде өтінім беру және формальды сараптама мен мәні бойынша сараптама жүргізу қызметтерін төлеуді растайтын төлем құжаты, өтініш беруші атынан Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректордың келісімімен бекітіледі және ҚР Әділет министрлігіне қарасты «Зияткерлік меншік ұлттық институты» ШЖҚ РМК-ға (бұдан әрі – «ҰЗМИ») ШЖҚ

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 13 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже	

РМК) жіберіледі. Өтінім университеттің зияткерлік меншік объектілерін тіркеу журналында тіркеліп, оған реттік нөмір беріледі.

16. Өнертабысты патенттеу кезінде авторлар университеттің рұқсатынсыз ресми жарияланымға дейін қызметтік өнертабыстың мәнін жариялауға құқылы емес.

17. Университет «ҰЗМИ» ШЖҚ РМК өтінімнің басымдығын (өтінімнің тіркеу нөмірі мен тізілімге енгізілген күні) растағаннан кейін және бұл туралы авторларды бір мезгілде хабардар ете отырып, қызметтік өнертабыстың мәнін жариялауға құқылы.

18. Университет өтінімдер бойынша охраналық құжаттарды беру туралы Қорытындыны алғаннан кейін 2 апта ішінде авторларды бұл туралы хабардар етуге міндетті.

19. Қорытынды негізінде (4.2.11-тармақ) Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 539-бабына сәйкес 1 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж және «ҰЗМИ» ШЖҚ РМК қызметтері — охраналық құжат пен автор куәлігін беру құжаттарын дайындау және охраналық құжат беру туралы мәліметтерді жариялау үшін төленеді.

20. Университет атына алынған охраналық құжаттарды күшінде ұстау мақсатқа сай ма, жоқ па деген мәселені ҒТК қарайды. Негіз ретінде автор ұсынған охраналық құжатты күшінде ұстау қажеттілігін негіздейтін дәлелдер алынады.

21. Егер ҒТК қызметтік өнертабысқа берілген охраналық құжатты күшінде ұстауды тоқтату туралы шешім қабылдаса, университет бұл туралы авторларды жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Хабарлама мемлекеттік бажды төлеу мерзімінің аяқталуына кемінде екі ай қалғанда авторларға жіберілуі тиіс.

22. Өнертабысқа охраналық құжат алу үшін өтінім беру, формальды және мәні бойынша сараптама жүргізу, охраналық құжат пен автор куәлігін дайындау, беру туралы мәліметтерді жариялау және охраналық құжатты күшінде ұстау бойынша шығыстар, сондай-ақ «ҰЗМИ» ШЖҚ РМК көрсететін өзге де қызметтер мына көздер есебінен төленеді:

1) гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру қаражаттары (шығын бабы – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу);

2) шаруашылық шарттық қаражаттар (шығын бабы – Басқа шығындар);

3) автордың (авторлардың) жеке қаражаты;

4) университет қаражаты, егер университетпен жасалған шартта коммерцияландыру жүзеге аспаған жағдайда автор (авторлар) осы шығындарды шартта белгіленген мерзімде қайтаруға міндетті болса;

5) университеттің тапсырмасы немесе Ғылым бөлімі мен ҒТК шешімі бойынша, егер өнертабыс қызметтік тапсырма аясында, ғылыми зерттеулердің стратегиялық бағыттары бойынша немесе университет үшін ерекше мәні бар жағдайда жасалса.

23. Университет атынан алынған өнертабыстар мен охраналық құжаттарды рәсімдеуге, өтінім беруге және сақтауға қатысты барлық материалдар

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 14 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	

Коммерцияландыру офисінде сақталады. Авторларға патенттің және автор куәліктерінің көшірмелері беріледі. Аталған материалдарды сақтау және қолжетімділікті қамтамасыз етуге жауапты тұлға – КТО бастығы.

24. Университет қызметкерлері өздері авторы болып табылатын қызметтік өнертабыстарға қатысты барлық материалдармен, сондай-ақ басқа қызметкерлердің өтінім сипаттамаларымен танысуға құқылы.

25. Университеттің зияткерлік қызмет саласындағы іс жүргізу Коммерцияландыру офисінің істер номенклатурасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Қызметтік өнертабыстарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын өзге қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

4.3. Авторлық құқық объектілеріне, соның ішінде ЭЕМ бағдарламаларына жататын зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғау тәртібі

27. Қызметтік шығармаға авторлық құқық оны жасау фактісімен туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін шығарманы тіркеу, арнайы ресімдеу немесе қандай да бір формальдылықтарды сақтау талап етілмейді. Университет, айрықша авторлық құқық иесі ретінде, өз құқықтары туралы хабарлау мақсатында әрбір данасына авторлық құқықты қорғау белгісін қоюға құқылы. Бұл белгі үш элементтен тұрады: шеңбер ішіндегі латын әрпі «С», айрықша құқық иесінің аты (атауы), шығарманың жарияланған жылы (ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 9-бабы). Мысалы: «© Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ, 2020 ж.

28. Университет авторлық құқықты қорғау мерзімі ішінде кез келген уақытта қызметтік шығарманы ресми тізілімдерде тіркей алады.

29. Қызметтік шығарманы (соның ішінде ЭЕМ бағдарламасын) Мемлекеттік тізілімде мемлекеттік тіркеудің орындылығын Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі (ҒТК) айқындайды. Бұл үшін қызметтік шығарманың авторлары (немесе олардың бірі) ҒТК отырысында өтінімді қарау туралы өтінішті ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректордың атына жолдайды.

30. Егер ҒТК теріс шешім қабылдаса, оның мүшелері авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеуден бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша қорытынды дайындайды.

31. ҒТК оң шешім қабылдаған жағдайда, авторлар ЭЕМ бағдарламаларын мемлекеттік тіркеуге қажетті сүйемелдеу құжаттарын дайындайды.

32. Тіркеуге арналған дайын құжаттар топтамасы (тіркеу туралы өтініш, ЭЕМ бағдарламасы немесе деректер базасына арналған реферат, шарт, тасымалдаушы (дискета немесе басқа электрондық тасымалдаушы)) ғылыми-зерттеу жұмыстары бөліміне (ҒЗЖ) жіберіледі, оның қызметкерлері құжаттардың толықтығын тексеру үшін формалды сараптама жүргізеді.

33. Өтінім материалдары, соның ішінде мемлекеттік тіркеу үшін төлем төленгенін растайтын төлем құжаты, өтінім беруші атынан ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор арқылы бекітіледі және өтінім ҚР Әділет

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 15 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже	

министрлігінің Зияткерлік меншік құқықтары комитетіне жіберіледі. Өтінім Университеттің зияткерлік меншік объектілерін тіркеу журналында тіркеледі.

34. ЭЕМ бағдарламасын мемлекеттік тіркеу үшін алым мөлшері 3 АЕК және ол келесі көздерден төленеді:

34.1. гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен (шығыс бабы – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу);

34.2. шаруашылық шарттық қаражаттар есебінен (шығыс бабы – Басқа шығыстар);

34.3. автордың (авторлардың) жеке қаражаты есебінен;

34.4. Университеттің өз қаражаты есебінен, егер онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ЭЕМ бағдарламасы коммерцияланбаған жағдайда, жоғарыда аталған шығыстарды автордың (авторлардың) өтеу міндеттемесі көзделсе;

34.5. Университеттің әкімшілігі, ғылым бөлімі немесе ҒТК шешімі (тапсырмасы) бойынша — егер ЭЕМ бағдарламасы қызметтік тапсырма шеңберінде жасалған болса, Университеттің ғылыми зерттеу басым бағыттарын іске асыруға немесе оны оқу және ғылыми қызметіне енгізуге әлеуеті болса.

35. ЭЕМ бағдарламасына мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер қызметтік шығарманың авторларына беріледі. Куәліктердің көшірмелері ҒЗЖ бөлімінде сақталады. Аталған материалдарды сақтау мен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге жауапты тұлға – Технологияларды коммерцияландыру офисі (ТКО).

36. Университет қызметкерлері өздері авторы болып табылатын қызметтік шығармаларға қатысты барлық материалдармен танысуға құқылы. Басқа қызметкерлердің шығармаларына қатысты ақпаратты алу үшін ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректордың рұқсаты қажет.

37. Қызметтік шығармаларды жасау және пайдалану кезінде туындайтын өзге де қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5. Зияткерлік қызметтің қорғалуға жататын нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу шарттары

38. Университеттің қызметкерлері, білім алушылары және ғылыми топтары жасаған қорғалуға жататын зияткерлік қызмет нәтижелерін (ЗҚН) рәсімдеу үшін бастамашы (автор, авторлар ұжымы, жоба жетекшісі) Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі департаментін (бұдан әрі – ҒЗҚД) уақтылы хабардар етуге міндетті.

39. Барлық қызметтік қорғау құжаттарын алу жөніндегі өтінімдер тек Университет арқылы, үйлестіруші (ҒЗҚД немесе басқа уәкілетті құрылымдық бөлімше) арқылы беріледі. Мұндай өтінімдерді Университеттің қызметкерлері мен білім алушыларының уәкілетті органдарға өз бетінше беруіне жол берілмейді.

40. ҒЗҚД айрықша құқықтарды рәсімдеу процесін ұйымдастырады, оған мыналар кіреді: патенттік зерттеулер жүргізу, авторлар мен құқық иеленушілер тізімін келісу, өтінім материалдарын дайындау, құқықтық сүйемелдеу және

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025	22 беттің 16 беті
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды рәсімдеу тәртібі туралы Ереже	

құжаттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына немесе шетелдік патенттік ведомстволарға ұсыну.

41. ЗҚН құқық иеленушісі ретінде «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ көрсетіледі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе серіктестермен (соның ішінде халықаралық) жасалған шарттарда өзгеше көзделмесе.

42. ЗҚН-ды рәсімдеуге және қорғауды қолдауға арналған шығыстар Университеттің, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру қаражаттары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

43. Басқа ұйымдармен бірлесіп ғылыми жобалар орындау кезінде ЗҚН-ға құқықтар ынтымақтастық туралы шарт талаптарына сәйкес бөлінеді.

44. Авторлар мен құқық иеленушілер арасындағы құқықтарды қайта бөлу ҒЗҚД-ны міндетті түрде хабардар ете отырып және Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесінде (ҒТК) бекітіле отырып, қосымша келісім жасау арқылы рәсімделеді.

45. ЗҚН-ға айрықша құқықтарды пайдалану және иелік ету (беру, лицензиялау, коммерцияландыру) олардың мемлекеттік тіркелуінен кейін және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Авторлардың және ЗҚН рәсімдеу процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

46. Қорғалуға жататын ЗҚН авторларының құқығы бар:

1) өтінімде және қорғау құжаттарында автор ретінде көрсетілуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес ЗҚН-ды пайдалану және (немесе) коммерцияландыру үшін сыйақы алуға;

3) өтінім материалдарын және патенттік зерттеулерді дайындауға қатысуға;

4) өтінімдерді беру және сүйемелдеу кезінде Университеттен кеңестік және ұйымдастырушылық қолдау алуға.

47. Авторлар (қызметкерлер, білім алушылар және ЗҚН жасауға қатысқан өзге тұлғалар) міндетті:

1) қорғалуға жататын ЗҚН-ды рәсімдеу үшін өтінімдерді тек Университет және ҒЗҚД (ғылыми қызметті ұйымдастыру департаменті) координаторы арқылы беруге;

2) қорғалуға жататын ЗҚН-ның жасалғаны туралы ҒЗҚД-ға уақтылы хабарлауға;

3) өтінімдерді дайындау үшін барлық қажетті материалдар мен мәліметтерді ұсынуға;

4) осы Ережеде белгіленген мерзімдер мен рәсімдерді сақтауға;

5) нәтижелердің патент қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін болған жағдайда, өтінім берілгенге дейін ЗҚН туралы мәліметтерді таратпауға.

48. Жобаның / бағдарламаның ғылыми жетекшісі міндетті:

1) қорғалуға жататын ЗҚН-ға құқықтарды айқындау және рәсімдеу процесін ұйымдастыруға;

2) авторлар ұсынған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын бақылауға;

3) ЗҚН құқықтық қорғауын рәсімдеу мәселелері бойынша ҒЗҚД-мен өзара іс-қимыл жасауға.

49. Университет, ҒЗҚД атынан, міндеттенеді:

1) ЗҚН-ға құқықтарды рәсімдеу кезінде авторлар мен Университеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге;

2) ұйымдастырушылық, құқықтық және патенттік қолдау көрсетуге;

3) ЗҚН-ды тіркеу, күшінде ұстау және коммерцияландыру бойынша шығыстарды уақтылы төлеуге;

4) Университеттің ғылыми қызметінің қорғалуға жататын нәтижелерін енгізуге және танымал етуге жәрдемдесуге.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже	22 беттің 18 беті

Қосымша 1

Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш

**«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғам**

II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет
нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже**

**22 беттің 19
беті**

«ҰЗМПИ» РМҚ
толығырады

Керетін X белгісімен белгілеу қажет
«ҰЗМПИ» РМҚ реквизиттері қойылған өтініш, өтінімнің келіп түсуі жөніндегі хабарлама болып табылады

Келіп түскен күні	(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні	(21) Тіркеу №	(22) Берілген күні
<input type="checkbox"/> (86) алушы ведомство белгілеген халықаралық өтінімді тіркеу нөмірі және халықаралық өтінімді берген күні <input type="checkbox"/> (87) халықаралық өтінімнің нөмірі және халықаралық жарияланған күні <input type="checkbox"/> (96) алушы ведомство белгілеген еуразиялық өтінімнің нөмірі және өтінімді берген күні <input type="checkbox"/> (97) еуразиялық өтінімнің нөмірі және жарияланған күні			
Өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беру туралы ӨТІНІШ			
Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінім несінің (нелерінің) атына өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беруді сұраймыз (сұраймыз) (71) Өтінім несі (нелері):			Стандарт бойынша елдің коды ДЗМУ ST.3 (егер қондырылған болса)
(Толық аты немесе атауы және тұратын немесе болатын жері көрсетіледі. Өтінім иелері-авторлардың тұрғылықты жері (72) коды бар бағанның тұсындағы бағанда келтіріледі)			
Өтінімді ҰЗМПИ-ға берген күннен ертерек күн бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады Өнертабыстың басымдылығын күні бойынша белгілеуіңізді сұраймын (сұраймыз): <input type="checkbox"/> бірінші өтінімді (өтінімдерді) Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке беру (Заңның 20-бабы 2-т.) <input type="checkbox"/> Заңның 20-б. 4-т. сәйкес бұрынғы өтінімді ҰЗМПИ-ға беру күні <input type="checkbox"/> Заңның 20-б. 5-т. сәйкес бастапқы өтінімді ҰЗМПИ-ға беру күні <input type="checkbox"/> бастапқы өтінімнің басымдылығы (Заңның 20-б. 5-т.) (өтінімнің нөмірі _____, өтінімді берген күні _____) <input type="checkbox"/> бұрынғы өтінімге қосымша материалдардың түсуі (Заңның 20-б. 3-т.)			
<input type="checkbox"/> (31) Бірінші, бұрынғы, бастапқы өтінімнің №	<input type="checkbox"/> (32) Басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдық сұралған жағдайда)	
(54) Өнертабыстың атауы			
Хат алмасу үшін мекен-жай (толық пошталық мекен- жай және адресаттың аты)			
Телефон: Электрондық пошта адресі:	Мобильдік телефон:	Факс:	
(74) Патенттік сенім білдірілген өкіл (толық аты, тіркеу нөмірі) немесе өтінім несінің (нелерінің) өкілі (толық аты немесе атауы, мекен- жайы)			
Қоса берілетін құжаттардың тізбесі	1 данадағы парақ саны	Дана саны	
<input type="checkbox"/> өтінімге қосымша			

**«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғам**

II КЕАҚ «ШҚТУ» 035-II-2025

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның интеллектуалдық қызмет
нәтижелеріне айрықша құқықтарды ресімдеу тәртібі туралы Ереже**

**22 беттің 20
беті**

<input type="checkbox"/>	өнертабыстың сипаттамасы			(ҰЗМІ мөртанбасы орны)
<input type="checkbox"/>	өнертабыстың формуласы			
<input type="checkbox"/>	сызулар және өзге материалдар			
<input type="checkbox"/>	реферат			
<input type="checkbox"/>	өтінім беруге төлем туралы құжат			
<input type="checkbox"/>	төлем мөлшерін азайтуға негіз барын растайтын құжат			
<input type="checkbox"/>	бірінші өтінімнің (өтінімдердің) көшірмелері (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)			
<input type="checkbox"/>	өтінімнің шет тіліндегі құжаттары			
<input type="checkbox"/>	патенттік сенім білдірілген өкілдің немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат			
<input type="checkbox"/>	басқа құжат (көрсетілсін)			
Формуламен жариялау үшін ұсынылатын сызбалар фигурасының № (рефератпен)				
(72) Автор(лар) (толық аты көрсетіледі)		Елдің атауы және белгіленген болса, ДЗМУ ST.3 стандарты бойынша оның кодын қоса алғанда тұратын жерінің толық пошталық мекен- жайы		
Мен (біз) _____ (аты- жөн, тегі) патентті беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде мені (бізді) автор (лар) ретінде көрсетпеуді сұраймын (сұраймыз) Автордың (авторлардың) қолы (қолдары):				
Қолы Автор(лар) болып табылмайтын өтінім иесінің (иелерінің) қолы (қолдары) (заңды тұлға атынан қол қойған жағдайда басшының қолы мөрмен бекітіледі) Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. Қолы				

